

Список использованной литературы

1. Берг Л.С. Как изучить свой край. – М., 1995.
2. Статья Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».
3. Никонова М.А. Краеведение 4-е издание. – Москва «Академия», 2016.
4. Остапец А.А Педагогика ткристко-краеведческой работы в школе. – Москва, «Педагогика», 1985г.
5. http://old.unesco.kz/heritagenet/kz/participant/museum/kostanay_mus/Default.htm
6. <http://silkadv.com/ru/node/497>
7. http://www.inform.kz/en/v-den-policii-otkrylsya-muzey-v-dvd-kostanayskoj-oblasti_a2917800
8. Мирошниченко Т.А. Система работы по воспитанию патриотизма у учащихся 5-11 классов. – Волгоград, ИТД «Корифей», 2007.

ADOBE PHOTOSHOP-ТЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

*Авторы: Сәбит З.С., «Информатика» мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Айтбенова А.А., п.б.б.м., аға оқытушы
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті*

Қазақ елінің егеменді, іргелі ел болып, ұлттық тұғырдан орын алып отырған сәтте, қазақ азаматының тәрбиесі, оның тұрмыс салтына, әдет ғұрпына, бүкіл тыныс тіршілігіне, жалпы жаңа заманға сай өмір сүруіне байланысты болып отыр. Себебі, бүгінде экономиканың қарқынмен дамуына байланысты білім беру жүйесінде оқытудың құрлымы, мақсаты мен мазмұны, технологиясы түбегейлі өзгерді. Білім, білік дағдыны механикалық түрде емес, танымдық қабілеті дамыған және өзін-өзі көрсете алатын жеке тұлғаның интелектін байытуда оқыту технологияларының орны зор. Ал жаңа заманның толық қанды, яғни компьютерді толық меңгерген тұлға болуы қажет.

Қазіргі кезде компьютерлік технология қоғам өмірінің барлық саласына түбегейлі өзгерістер енгізіп отыр. Оның бір сапалы компьютерлік графикаға сұраныс күннен-күнге артуда. Алғашқы кезде компьютерлік графикамен тек компьютерлік технологияны жетік меңгерген мамандар айналысса, қазіргі таңда осы бағытта барлық қолданушыларға арналған программалар пакеті бар. Бұл программалар өте қарапайым әрекетті орындаудан бастап қиын да күрделі дизайнерлік жұмыстарды атқарады. Соның бірі *Adobe Photoshop*-та жұмыс істеу болып табылады.

Растрлық графикамен жұмыс істеуде *Adobe* фирмасының *Photoshop* программасы үлкен орын алады. Бұл программа қазіргі компьютерлік графикада стандарт болып отыр.

Adobe Photoshop – суреттерді, мәтіндерді өзгертуге, түрлендіруге, сақтауға арналған ең танымалы графикалық бағдарлама болып табылады. *Adobe Photoshop* графикалық бағдарламасы түстер палитрасымен жұмыс

істеуге, суреттерді еңгізуге және шығаруға, контурларын ерекшелеуге, түс тандауға, сурет фильтрін тандауға, өлшемі мен кеңейтілімін өзгертуге, суреттерді түстендіруге және басып шығаруға, газет беттерін сәндеу, суреттерді шаблондарға қолдану, логотип жасау, визит карточкаларын жасау, шақыру, құттықтау билеттерін жасауға мүмкіндік береді. Adobe Photoshop интерфейсі бағдарламамен өзара әрекеттесу әртүрлі деңгейдегі қолданушыларға арналып ойластырылған [1].

Adobe Photoshop программасымен жұмыс істеу мүмкіндіктері:

- сканерлеуге;
- импорттау мен экспорттауға;
- аймақ пен контурды ерекшелеуге;
- сурет салуға, түзетуге;
- түстер, қабаттар, каналдар мен маскалар;
- фильтрлер бейненің өлшемімен рұқсат етілуінің таңдауға түстік түзетулерге;
- бейнені түрлендіруге, түс бөлуге, бейнені баспаға шығаруға мүмкіндік береді.

Adobe Photoshop программасына тоқталар болсақ, мұнда кез келген кескіндік суретті өңдеу, түзету, фондық түс беру сияқты әртүрлі ортада даярланған объектілерді біріктіру, жинақтау, өңдеу жұмыстарында қолданылады. *Adobe Photoshop* программасы арқылы ескі фотосуретті жаңалау, яғни басқа түске бояу, көйлекке жаға салу, шашты үлкейту, беттегі әжімді алу, бетті тазалау, ағарту, т.с.с. Қазіргі қолданылатын программалар арқылы үйлену, сүндет той, қыз ұзату, мүшелтой сияқты шақыру билеттері өңделіп даярланады. Әсемдік салонында адамдардың бет бейнесін бөлек шығарып оған шашын әсемдеуде, ал криминалистикада іздеу салу жұмыстарында, портрет жасау жұмыстарында қолданылады [2].

Оның келесі ерекшеліктері бар:

- графикалық бейнелерді жоғарғы дәрежеде өңдеу;
- эксплуатациядағы қарапайымдылық пен жұмыс істеу мүмкіншілігі;
- бейнелерді жасау және оны өңдеудегі адам ойының барлық қажеттілігін қамтамасыз етуі;
- растрлық бейнелерді өңдеуді автоматтандырудағы кең мүмкіндіктері;
- көптеген түстік профильдермен жұмыс істей алуы және оны қағаз бетіне шығару мүмкіндігі;
- әртүрлі көркемдік эффекттерді жасауға арналған фильтрациялау командалардың көпшілігі болып келеді.

Photoshop программасының негізгі артықшылығы:

- графикалық көріністермен жұмыс кезіндегі жоғарғы сапа;
- жұмыс кезіндегі ыңғайлылық пен жайлылық;
- көріністермен жұмыс кезіндегі жоғарғы функционалдық мүмкіншіліктер ойлаған операцияны жасауға көмектеседі;
- негізгі сценарийлерды қолданғандағы растрлық көріністерді жасаудағы кең автоматты мүмкіндіктер;

- әртүрлі көркем эффектілерді жасаудағы көп таңдаулы фильтрлік командалардың көмегі;

- түсті көрініспен жұмыс кезіндегі механизм [4].

Кез келген қолданушы жұмыс істеп отырған программаның жетіспеушілігін білу міндетті. Бұл практика кезінде кездескен кезде уақытты үнемдеуге көмектеседі және қай кезде бұл программаны қолдануға болады, қай кезде қолдануға болмайтынына көмектеседі.

Photoshop программасының кемшілігі:

- көп түсті сызық және орбиталық қисық салуда;

- симметриялы орналасқан көп көріспен бір уақытта жұмыс істегенде;

- диалогтық терезесінен шықпай, әртүрлі фильтрлердің ісін көруге;

- қолданған түзету қалыңдығындағы (слой) көріністі түзету командасын ауыстырғанда;

- Corel Photo-Paint файлдық форматы бар құжатпен жұмыс кезінде;

- қолданушының еркімен программаның интерфейс элементтерін түзегенде;

- мозайкалы суретті құру кезіндегі көріністі көбейткенде [4].

Мысалы, осы бағдарламада Ы.Алтынсарин атындағы орталыққа арналған эмблема жасалды:



Сурет 1 – Ы.Алтынсарин атындағы орталыққа арналған эмблема

Бұл суретте мынадай қасиеттер талданылған:



Сурет 2 – Эмблемаға қолданылған қасиеттер

Photoshop бағдарламасының мүмкіндіктері шексіз, сонымен де бұл бағдарлама қазіргі таңда сұранысы өте жоғары, экономикалық жағынан кіріс көзінің негізін құрайтын өте беделді бағдарламалардың бірі. Бұл бағдарламаның мүмкіндіктеріне сай сұраныста алатын орны ерекше, ол кез-келген салада, технологиялардың шарықтап тұрған саласында өте қажетті бағдарлама.

Сонымен, Photoshop бағдарламасында жұмыс жасау өте қызықты, әртүрлі тәсілдерді қолдану арқылы көптеген нәтижелерді көруге болады. Бұл бағдарламамен жұмыс істеу барысында көзделген нәтижеге жету, инициативтілік, төзімділік, сәндеп, көркемдеу саласына деген қызығушылық, әртүрлі мүмкіндіктерді қолдану барысында фантазияның шексіздігін сезінуге болады. Бағдарлама өте қызықты, кез келген жұмыстың нәтижесі адамды қызықтырып, шығармашылық жұмыстармен айналысуға деген құштарлыққа жол ашады. Тек қана оның жасалу жолдарын білу арқылы көптеген нәтижелерге қол жеткізуге болады. Кез келген адам өзінің шығармашылықпен айналысқанды жақсы көреді деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Электронды оқулық: «Photoshop Шаг за шагом». – 2001 «Руссобит-М».
2. С.Луций. «Изучаем Photoshop». – Санкт-Петербург, 2002.
3. Ю.А.Гурский, А.В.Васильев. Photoshop CS2. Трюки и эффекты. – СПб.: Питер, 2004. – 555с.
4. Гринберг А.Д. Практика работы с Photoshop. Пер: с англ. – Киев: Диалектика, 2000. – 620 с.